

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы
жоғарғы оқу орны директоры
Г.Б. Мамраева
«28» 05 2023 ж.
Қарағанды Жоғарғы
Білім Беру Бағдарламасы директоры
М.Жумабаев
«20»



«БЕКТЕМІН»
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректоры
И.О. Дулатбеков
«30» 05 2023 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01101– Педагогика және психология

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды қ.

2023 ж.

«БВ01101 – Педагогика және психология» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы);
- Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамалық шешімімен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңбері;
- ҚР БҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 2 қазандағы № 152 бұйрығы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;
- «Педагогтың» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы).

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	9
20	Сертификаттау бағдарламасының «Мектепке дейінгі ұйымның менеджері (Minor)»	16
21	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	17
22	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	19
23	Түлек моделі	21

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

- 1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** 6B01101 Педагогика және психология
- 2. Білім беру саласының, бағытының классификациясы және коды:** 6B01 – Педагогикалық ғылымдар; 6B01101 – Педагогика және психология
- 3. Білім беру бағдарламасының тобы:** B001 Педагогика және психология
- 4. Кредит саны:** 240
- 5. Оқыту нысаны:** Күндізгі
- 6. Оқыту тілі:** Қазақ
- 7. Академиялық дәреже:** «6B01101-Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
- 8. Білім беру бағдарламасының түрі:** қолданыстағы
- 9. БХСЖ деңгейі:** бакалавриат, БХСЖ –6
- 10. ҰБШ деңгейі:** 6
- 11. СБШ деңгейі:** 6 деңгейлері бойынша (деңгейшілік 6.1, 6.2, 6.3, 6.4)
- 12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** жоқ
- 13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның №:** KZ83LAA00018495 берілген күні 28.07.2020 ж. Қосымша №016
- 14. Білім беру бағдарламасын аккредиттеу атауы және аккредиттеудің мерзім уақыты:** БСҚБТА агенттігі Сертификат SA-A №0135/1 02.05.2018 жыл, 28.04.2023 жылға дейін жарамды
- 15. ББ мақсаты:** Білім беру және менеджмент саласында кәсіби құзырлығы бар бәсекеге қабілетті педагог-психологты дайындау.
- 16. Білім беру бағдарламасының біліктілік сипаттамасы**
 - а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі:** білім беру ұйымдарының педагог-психологы, колледждің психологиялық-педагогикалық пәндерінің оқытушысы; білім беру жүйесі және тұлғаның дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.
 - б) Қызмет көрсету саласы мен нысаны:**
 - барлық үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдар (балабақшалар, бөбекжайлар);
 - жалпы білім беретін мектептер, оның ішінде мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар, шағын жинақты мектептер, санаториялық мектептер, спорт мектептері;
 - балалар үйлері;
 - арнайы түзету ұйымдары (мектеп-интернаттар, дене немесе ақыл-ой дамуында кемшіліктері бар балалар мен жасөспірімдерге арналған сыныптар);
 - бастауыш кәсіптік білім беретін оқу орындары (лицейлер);
 - орта кәсіптік оқу орындары (колледждер, училищелер).
 - в) Қызмет көрсету түрлері:**
 - ғылыми-зерттеу;
 - оқытушылық;

- диагностикалық-консультациялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- мәдени-ағартушылық.

г) Қызмет көрсету функциялары:

- **оқыту** – оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді, оқушылардың лингвистикалық сұраныстары мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде АКТ және т.б. пайдаланады.;
- **тәрбиелеу** – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне, педагогикалық тактіні, педагогикалық этика ережелерін сақтауға баулиды, білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие процесін құрады және т. б.;
- **әдістемелік** – білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлайды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін анықтайды, берілген мақсаттарға сәйкес оқу материалдарын әзірлейді және т.б.;
- **зерттеушілік** – білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін қолданады;
- **әлеуметтік-коммуникативтік** – кәсіби қоғамдастықпен және барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, білім беру стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;
- **практикалық** – білім беру процесіне қатысушылар арасында кеңес беруді, алдын алуды жүзеге асырады, практикалық психологияның өзекті мәселелерін көрсетеді;
- **диагностикалық** – жеке және ұжымдық сипаттағы мәселелерді диагностикалауды жүзеге асырады; әртүрлі психологиялық проблемалардың алдын алу және түзету жолдарын анықтайды; адамдардың психикалық денсаулығын сақтауға және олардың тіршілік әрекеті үшін қалыпты жағдай жасауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады.

17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді;
	ОН 2	Қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады;
	ОН 3	Өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 6	Қашықтықтан оқыту технологияларын зерттеу және енгізу, қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру, мектеп оқытуда АКТ, сандық, қашықтықтан оқыту және инновациялық технологияларды қолданады.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 4	Балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін жүйелі талдауға дағдыланған
	ОН 5	Заманауи педагогиканың жетістіктерін ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асырады
	ОН 7	Педагог-психологтың қызметтік міндеттерін орындайды
	ОН 8	Заманауи ғылымның нәтижелері мен жетістіктерін бағалайды және оларды балалардың жас ерекшелік психологиялық дамуларын есепке ала отырып қолданады, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істегенде білімдерін қолданады
	ОН 9	Кәсіби қарым-қатынас түрлеріне сәйкес педагог, ата-ана, білім алушылардың өзара әрекет әдістері мен формаларын қолданады
	ОН 10	Практикалық қызметте бала-ата-ана қарым-қатынасын жүзеге асыру тәсілдерін меңгерген
	ОН 11	Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жүргізу негізінде педагогика және психологияны оқытудың заманауи әдістемелерін өңдейді және енгізеді
	ОН 12	Мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда психологиялық кеңес беру және инновацияның заманауи технологияларын қолданады және бағалайды.
	ОН 13	Білім берудегі менеджмент, оның ішінде ұжымдық менеджментте айқын мақсат түрлері мен әдістерін қолдану іскерліктеріне ие. Топта жұмыс істеуді жүргізу және ұйымдастыру іскерліктеріне ие
	ОН 14	Педагог-психологтың практикалық қызметінде тренингті өткізу технологиялары бойынша білімдерді қолдану іскерліктеріне ие Психопрофилактика және психокоррекция бағыттарының нәтижелері негізінде психологиялық диагноз қою әдістемесін меңгерген
	ОН 15	Орта және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде психологиялық қызмет жұмысын жүргізеді және ұйымдастырады, сонымен қатар қақтығыстық жағдайларды басқару және алдын-алу іскерліктеріне ие.

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
PO 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы	5
		Философия	5
PO 1 PO 2 PO 3		Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері Қолданбалы бизнес Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Ғылыми зерттеу негіздері	5
PO 1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану Мәдениеттану, Психология	4 4
PO 1 PO 2 PO 3	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
		Орыс тілі	10
		Шетел тілі	10
		Дене шынықтыру	8
	Педагогикалық даярлық негіздері	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	5
PO 4 PO 8		Педагогика	4
PO 5 PO 8 PO 9 PO 10 PO 12		Инклюзивті білім беру	4
PO 8 PO 9 PO 12 PO 5 PO 13		Білім берудегі менеджмент	5
		Оқу	4
		Педагогикалық	4

PO 3 PO 5 PO 11	Психологиялық-педагогикалық іс-әрекет негіздері	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	5
PO 3 PO 5 PO 8 PO 11		Педагогика және психологияның тарихы	5
PO 6 PO 8 PO 11		Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдістемесі	4
PO 4 PO 8 PO 9 PO 13		Жас ерекшелік психология	5
PO 6 PO 9 PO 13 PO 15		Педагогтың кәсіби қарым-қатынасы	5
PO 8 PO 9 PO 11		Педагогикалық психология	5
PO 6 PO 8 PO 11		Әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиясы	5
PO 5 PO 8 PO 13		Білім беру мониторингісінің негіздері	
PO 5 PO 6 PO 11		Психологияны оқыту әдістемесі	6
PO 5 PO 9 PO 10		Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері	
PO 5 PO 6 PO 11		Педагогиканы оқыту әдістемесі	6
PO 8 PO 9		Жабық типті мекемелерде балаларды тәрбиелеу және оқыту ерекшеліктері	
PO 8 PO 12		Сын тұрғысынан ойлау	5

PO 3 PO 8 PO 9		Әлеуметтік педагогика	
PO 3 PO 10		Отбасы тәрбиесінің педагогикасы	6
PO 8 PO 10 PO 15		Заманауи әлемдегі балалалық шақтың мәселелері	
PO 12 PO 14 PO 15	Білім берудегі инновациялық үдерістер	Психологиялық кеңес беру технологиясы	6
PO 5 PO 6 PO 8 PO 9		Hard skills және soft skills дамыту технологиялары	
PO 5 PO 6 PO 8 PO 12		Мектептің оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары	5
PO 1 PO 2 PO 13		Білім беру үдерістерін басқару	
PO 5 PO 6 PO 8 PO 12		Білім беру аясындағы жобалау іс-әрекеті	6
PO 5 PO 6 PO 8 PO 10		Қазіргі тәрбие технологиялары	
PO 7 PO 9 PO 13 PO 14 PO 15	Білім берудегі менеджмент (MINOR)	Коучинг негіздері	6
PO 5 PO 6 PO 8		Заманауи білім беруді модернизациялау тұрғысынан практикалық бағдарланған технологиялар	
PO 9 PO 13		Білім беру жүйесінде корпоративтік басқару негіздері	5
PO 2 PO 3		Оқушыларға этномәдени білім беру	
PO 9 PO 13 PO 14		Психологиялық менеджмент	5

PO 3 PO 5 PO 9		Педагогикалық акмеология	
PO 9 PO 13 PO 14 PO 15	Педагог-психологтың практикалық жұмысы	Әлеуметтік-психологиялық оқыту технологиясы	5
PO 7 PO 9 PO 12 PO 14 PO 15		Практикалық психология	5
PO 7 PO 8 PO 10 PO 15		Девиантология негіздері	4
PO 6 PO 7 PO 12 PO 14 PO 15		Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасы	5
PO 7 PO 14 PO 15		Білім беру ұйымдардағы психопрофилактика және психокоррекция	5
PO 9 PO 12 PO 14 PO 15		Конфликтіні басқару	4
PO 7 PO 9 PO 10 PO 12 PO 15		Мектепке дейінгі ұйымдарда педагог-психологтың жұмысы	5
PO 7 PO 12 PO 14 PO 15		Жалпы орта білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет	5
		Педагогикалық	4
		Педагогикалық	15
	Дипломалды	3	
	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау	8

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кре- д т са- ны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												ON 13	ON 14	ON 15
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10	ON 11	ON 12			
Жалпы білім беру циклы ЖОО компоненті/Таңдау компоненті																		
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Білім алушылардың құқықтық тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған.	5	+	+	+												
	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.		+	+	+												
	Қолданбалы бизнес	Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.		+	+	+												
	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.		+	+	+												
Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті																		
P2	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	Курстың мақсаты оқушылардың ағзасының өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары; орталық жүйке жүйесі мен жоғары дәрежелі жүйке жүйесінің физиологиясы; висцеральдық жүйелердің жас ерекшеліктері; негізгі тіршілік функцияларды	5				+							+				

		реттеу принциптерінің тұрақтылығы; мектеп оқушылары ортасының гигиеналық бағалау әдістері; күнделікті жұмыстың және оқу үдерісі ұйымдастырылуының гигиеналық негіздері.																	
P3	Педагогика	Курс педагогиканың пәні мен әдіснамалық негіздерін, тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру, Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің дамуымен, мектептегі педагогикалық үрдістің мәнін, оның заңдылықтары мен принциптерін, тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін, тәрбие құралдары мен формаларын, әдістерін, ұжымда тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ дидактика туралы жалпы түсінікті, дидактиканың негізгі категорияларын, оқытудың жаңа технологияларын қарастырып, меңгерту мақсатында енгізілді. Білім берудің мәні, заңдылықтары, тұлғаның дамуындағы білім беру процестерінің рөлі, олардың тиімділігін арттырудың практикалық жолдары мен тәсілдері ашылады.	5					+				+	+	+		+			
P4	Инклюзивті білім беру	Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік тәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілік талаптары қарастырылады.	4									+	+			+			
P5	Білім берудегі менеджмент	"Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидағарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады.	5					+									+		
P6	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	Курс болашақ кәсіби іс-әрекеттермен танысу мақсатында енгізілді, ол педагог мамандығының ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыруға, педагог-психологтың оқу-тәрбие процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесуі туралы идеяларға, педагогикалық мамандыққа қызығушылықты қалыптастыруға арналған білім беру жүйесіндегі белсенділік пен психологиялық қызмет.	5			+		+							+				
P7	Педагогикалық психология	Курс педагогикалық психологияның пәні, міндеттері, білім беру және тәрбиелеу процестерінің психологиялық негіздері, педагогикалық психология мәселелерін қарастырады. Психикалық дамудың жас кезеңдері беріледі. Оқушы оқу іс-әрекетінің субъектісі, мұғалім педагогикалық іс-әрекеттің	5									+	+		+				

		субъектісі ретінде қарастырылады. Тәрбие психологиясы, тұлғаның қалыптасуы, оның дүниетанымы ашылады.																
P8	Педагогика және психологияның тарихы	Курс психика туралы көзқарастардың қалыптасу және даму заңдылықтарын оның табиғатын, функцияларын, генезисін түсінудің әртүрлі тәсілдерін талдау негізінде қарастыру мақсатында енгізілген; сонымен қатар педагогикалық ойдың даму ерекшеліктері, әртүрлі тарихи дәуірлердегі тәрбие мен білім берудің принциптері мен әдістері, педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы.	5			+		+			+			+				
P9	Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі	Курс студенттердің әдіснама негіздерін, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеру мақсатында енгізілді; ғылыми ізденіс барысында әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; ғылыми-педагогикалық зерттеулер негізінде педагогиканы оқытудың заманауи әдістерін жасау; кәсіби қызметтің практикалық мәселелерін шешу үшін зерттеу әдістерін қолдану.	4					+		+			+					
P10	Жас ерекшелік психологиясы	Курс заманауи теориялар мен концепцияларды қамтиды және магистранттарға даму заңдылықтары мен дамудың жас нормасы туралы заманауи теорияларды меңгеруге бағытталған. Курс адамның онтогенездегі дамуының біртұтас көрінісін құруға бағытталған: туғаннан кәрілікке дейін. Курста дамудың детерминанттары, заңдылықтары мен механизмдері бойынша жалпы сұрақтар беріледі, сонымен қатар әр жастың даму ерекшеліктері: сәбилік, ерте балалық шақ, мектепке дейінгі балалық шақ, бастауыш мектеп жасы, жасөспірімдік, жастық шақ, жастық шақ, кемелдену, кәрілік шақтары жан-жақты қарастырылады. жасы.	6			+				+	+			+				
P11	Педагогтың кәсіби қарым-қатынасы	Курс педагогтың кәсіби қарым-қатынас ерекшеліктерін, қарым-қатынас туралы теориялық түсініктерін қалыптастыру мақсатында ендірілді. Қарым - қатынас құрылымы, оның түрлері, стильдері, функциялары мен өзара түсіну механизмдері, педагогикалық кедергінің педагогқа әсері, конфликт және одан шығу жолдары сипатталады.	5					+			+					+		+
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті																		
P12	Сын тұрғысынан ойлау	Курс «сыни тұрғыдан ойлау» түсінігін және оның сипаттамаларын, сыни тұрғыдан ойлау принциптерін және ерекшеліктерін зерттейді. Сын тұрғысынан ойлауды білім беру технологиясы, лекция түрінде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту стратегиялары ретінде қарастырады. Онда «ілгері» дәрістін, «ұшу журналының» стратегиялары, әр түрлі типтегі семинарлардағы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының негізгі моделі, дамыту технологиясы аясында сыни тұрғыдан ойлау арқылы есептерді шешу стратегиялары ашылады	5								+					+		

	Әлеуметтік педагогика	Курс студенттердің кәсіби қызметінің әлеуметтік-педагогикалық құрамдас бөлігін жүзеге асыру үшін қоғамның әлеуметтік мәселелерінің педагогикалық аспектілерін игеру; студенттердің жеке тұлғамен әлеуметтік-педагогикалық жұмысының практикалық біліктіктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында енгізілді.				+						+	+						
P13	Педагогиканы оқыту әдістемесі	Курстың мақсаты: педагогиканы оқыту әдістемесінің әдістемесін қарастыру, педагогика мазмұнын жобалау және жетілдіру, педагогикада дәрістерді, семинарлар мен зертханалық сабақтарды дайындау мен өткізуге қойылатын дидактикалық талаптар, әдістемелер, әдістемелер мен құралдар, оқытуды ұйымдастыру формалары. педагогиканы оқыту. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру технологиясы берілген.	5					+	+					+					
	Жабық типті мекемелерде балаларды тәрбиелеу және оқыту ерекшеліктері	Курс балалар мен жасөспірімдерді жеке басын, жасын, сондай-ақ психикалық және физикалық жағдайын ескере отырып, жабық үлгідегі ұйымдарда ұстау, оқыту және тәрбиелеу тәртібі туралы білімді; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға арналған."										+	+						
P14	Отбасы тәрбиесінің педагогикасы	Курс отбасының пайда болуы мен дамуының тарихи талдауын қамтиды; отбасының негізгі категорияларын қарастырады: оның құрылымын, функцияларын және динамикасын; некеге тұруға дайындығын анықтайды; неке қатынастарының психологиялық ерекшеліктерін анықтайды; ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелері; отбасы өміріндегі ұлттық дәстүрлер туралы түсінік береді.	5			+								+					
	Заманауи әлемдегі балалық шақтың мәселелері	Курста балалық шақтың негізгі психологиялық-педагогикалық мәселелері, әр түрлі жас кезеңдеріндегі балалардың психикалық даму заңдылықтары берілген. «Балалық шақ проблемасы» категориясын, балалық шақ проблемаларының факторларын, балалық шақтағы проблемалардың психоәлеуметтік себептерін, туындайтын балалық шақ проблемаларынан шығу жолдарын анықтайды.										+		+					
P15	Әлеуметтік интеллектіні дамыту технологиясы	Курс әлеуметтік интеллект ұғымын тұлғааралық қатынастарды реттеу және түзету факторы ретінде қарастырады. Курсты игеру нәтижесінде білім алушылар әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде әлеуметтік интеллект теориясын қолдануды, әлеуметтік интеллекттің даму деңгейі туралы ақпаратты жинақтап, талдау барысында әлеуметтік интеллект теориясын қолдануды білуі тиіс.	5					+				+							
	Білім беру мониторингнің негіздері	Курс білім берудегі мониторингтің мәні туралы білім жүйесін қалыптастыру мақсатында енгізілді. Педагогикалық мониторингтің классификациясы беріліп, негізгі функциялары көрсетіліп, педагогикалық бақылаудың әдістері көрсетілген.						+				+							+

		Мектепке дейінгі ұйымның білім беру сапасы мониторингінің түрлері, кезеңдері мен деңгейлері, білім сапасының көрсеткіштері және оқу-тәрбие қызметінің тиімділігі ашылған.																	
P16	Психологияны оқыту әдістемесі	Курс орта кәсіптік оқу орындарында оқытушылық қызметті жүзеге асыруға педагогикалық және практикалық дайындық саласында құзыреттілікті қалыптастыру; педагогиканың қазіргі заманғы жетістіктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру, іске асыру қабілеті; кәсіби қызметте қашықтықтан оқыту, АКТ әдістерін қолдану қабілеті мақсатында енгізілді.	5					+	+					+					
	Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері	Бұл курстың мақсаты суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілерімен, суицидтік мотивтермен, суицидтік мінез-құлықпен тұлғаның қасиеттерімен танысу, суицидтердің негізгі түрлері ашылады, суицидтік мінез-құлықты психодиагностикалау, алдын алу және психокоррекциялау дағдылары қалыптасады.						+				+	+						
P17	Психологиялық кеңес беру технологиялары	Курс кеңес беру теориясы мен практикасының негізгі бағыттарын зерттеуге, кеңес беру процесінің құрылымы мен мазмұны туралы білім жүйесін қалыптастыруға, білім беру мекемесінің педагогикалық процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық кеңес берудің негізгі әдістерін қолдану дағдыларын дамытуға арналған	6												+			+	+
	Hard skills және soft skills дамыту технологиялары	Курс hard skills және soft skills ұғымдарын табысты кәсіби қызметтің факторы ретінде қарастырады. Курсты игеру нәтижесінде білім алушылар кәсіби міндеттерді шешуде hard skills және soft skills тұжырымдамасын қолдануды, мұғалімнің кәсіби дамуында hard skills және soft skills даму технологияларын қолдануды білуі тиіс.						+	+			+	+						
P18	Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудағы инновациялық технологиялар	Курс бірлескен және топтық жұмысты ұйымдастыру мәселелерін, топтарда жұмыс жүргізу әдістемесін зерттейді. Оқушылардың оқу қабілетін дамытуды, оқыту үшін бағалауды және оқытуды бағалауды, оқытуда диалогты қолдану әдістемесін, дарынды және дарынды білім алушыларды оқыту технологиясын қарастырады.	5					+	+			+				+			
	Оқу үдерісін басқару	Курс басқару және менеджмент ұғымын, менеджменттің принциптерін, әдістері мен формаларын, білім беруді педагогикалық жүйе және басқару объектісі ретінде ұйымдастыруды ашады. Басқару қызметтерін, басқару процесінің мәнін, психологиялық менеджменттің функцияларын, принциптері мен әдістерін; білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптерін қарастырады.													+	+			
P19	Білім беру аясындағы жобалау іс-әрекеті	Курс білім алушылардың білім беру ұйымдарында жобалау қызметі саласындағы білімдерін, іскерліктерін, құзыреттерін қалыптастыру, білім алушылардың білім беру ұйымдарында жобалау қызметін орындауға ғылыми және практикалық	6					+	+			+			+				

		даярлығын қамтамасыз ету мақсатында оқытылады.																		
	Қазіргі тәрбие технологиялары	Курс қазіргі заманғы білім беру технологияларының пайда болуының әлеуметтік және ғылыми алғышарттары, қазіргі заманғы білім беру технологияларының типологиялары, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу технологияларын, мектеп жасындағы балалардағы адамгершілік сезімдер мен қатынастарды тәрбиелеу технологияларын, ұжымшылдық, адалдық, тәртіптілік туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады						+	+			+		+						
P20	Білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару негіздері	Курс корпоративтік басқару негіздерін және оны білім беру жүйесіне енгізу ерекшеліктерін зерделеу, білім беру жүйесінде корпоративтік басқару бойынша болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, білім беру мекемесінде корпоративтік мәдениетті дамыту ерекшеліктері туралы білім беру мақсатында енгізілді.	5									+						+		
	Оқушыларға этномәдени білім беру	Курс этномәдени білім беруді педагогикалық бағыт ретінде зерттеуге, мәдениетаралық коммуникация және мәдениеттердің өзара әсері туралы білім жүйесін, этносаралық қатынастардың психологиялық-педагогикалық негіздерін, қазіргі әлеуметтік-мәдени ортада болашақ педагогтардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға арналған.			+	+														
P21	Психологиялық менеджмент	Курс психологиялық менеджменттің негізгі ережелерін зерделеуге, басқару іс-әрекетіндегі психологиялық механизмдердің құзыреттіліктерін меңгеруге бағытталған. Курста басқару іс-әрекетінің негізгі буыны ретінде тұлғаның жеке басының маңыздылығы, басқару технологияларының мазмұны мен қолдану мәселелері, психологиялық ерекшеліктері мәселелері қарастырылады;	5									+						+	+	
	Педагогикалық акмеология	Педагогикалық акмеологияның мәнін, мұғалім мамандығындағы жұмыс ерекшеліктерін, мұғалімнің кәсіби шеберлігінің критерийлері мен деңгейлерін, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің түрлерін, мұғалімнің акмеограммасын, акмеологиялық технологиялар. Мұғалімді кәсіби және тұлғалық кемелдену биігіне көтерудің міндеттері мен жолдарын қамтитын процедуралар.				+		+				+								
P22	Коучинг негіздері	Курс коучинг негіздерін қамтиды; әдістемесі, тарихы, негізгі коучинг құралдары; коучингті ұйымдастыру және өткізу принциптері; сындарлы кері байланыс, коучинг клиентінің қызметі, коучингтің принциптері мен көлемі, өмір коучинг, бизнес-коучинг.	6							+		+						+	+	+
	Заманауи білім беруді модернизациялау тұрғысынан практикалық бағдарланған технологиялар	Курс заманауи білім беруді жаңғырту жағдайында тәжірибеге бағытталған технологиялардың түрлері мен жіктелуі, тәжірибеге бағытталған технологияларды қолдану дағдылары мен құзыреттіліктері туралы білімді қалыптастыруға, кәсіби-						+	+			+								

		педагогикалық қызметте заманауи тәжірибеге бағытталған технологияларды таңдауды жүзеге асыруға арналған.																
Кәсіби пәндер циклы ЖОО компоненті																		
P23	Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасы	Курс диагностикалық құралдарды жіктеу, оларды бағалау критерийлері, психологиялық-педагогикалық диагностиканың әдістері, зерттеу принциптері, нәтижелерді өңдеу тәсілдері, психодиагносттың этикалық нормалары туралы білім беру алуға арналған. Нәтижесінде білім алушылар сапаны бағалау, диагностикалық әдістемелерді іріктеу критерийлерін, оны кәсіби іс-әрекетінде пайдалану дағдыларына ие болады.	5							+	+					+		+
P24	Білім беру ұйымдарындағы психопрофилактика және психокоррекция	Курс білім беру ұйымдарында психопрофилактикалық және психокоррекциялық қызметті ұйымдастыру бойынша білім жүйесін қалыптастыруға арналған. Курсты оқу кезінде психопрофилактика деңгейлері, психикалық сау тұлғаны қалыптастыру әдістері, психокоррекция әдістері және оқушылардың жасын ескере отырып, оларды қолдану ерекшеліктері ашылады.	5								+							+
P25	Конфликтіні басқару	Курс шиеленістің дамуының тарихи аспектісін қарастырады; «педагогикалық конфликтология» түсінігі; педагогикалық конфликтологияның мәні мен түрлерін; педагогикалық конфликтінің ерекшеліктері, оның түрлері, қарым-қатынас кедергілері, өзара әрекет ету стильдері, делдалдық қабілеттердің қалыптасуы, конфликттік жағдайларды шешу, сыртқы әсерлерге қарсы тұру	4										+			+		+
P26	МДҰ-дағы педагог-психологтың жұмысы	Курс мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы педагог-психологтың қызметі туралы білім жүйесін қалыптастыруға, мектепке дейінгі ұйым педагог-психологының негізгі іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын дамытуға, балаларды тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасауға, мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық жағдайы, психикалық және физикалық денсаулығын нығайтуға арналған.	5							+		+	+			+		+
P27	Жалпы орта білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет	Курс білім беру жүйесіндегі педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттарын, оқушыларды психологиялық – педагогикалық қолдау ерекшеліктерін оқып –үйрену мақсатында ендірілді. Курс практикалық психологтың жұмыс ережесін және этикалық кодексін, психологиялық - педагогикалық консулиумді өткізу және ұйымдастыруды, педагог-психологтың білім беру мекемесінің педагогтерімен және ата аналармен жұмысын ашып көрсетеді.	6							+						+		+
P28	Практикалық психология	Курс практик - психологтың кәсіби іс-әрекетінің моделін, оның жұмысының негізгі бағыттары маңыздылығын түсіндіру дағдысын қалыптастыру, психотерапия әдістерін оқып-үйрену мақсатында ендірілді. Курста практик – психологтың жұмысының негізгі бағыттары, тренинг әдістері және	5							+			+			+		+

		практикалық психологтың этикалық кодексі қарастырылады.																	
P29	Әлеуметтік-психологиялық оқыту технологиясы	Курста психологиялық тренинг топтарын өткізудің негізгі әдістемелік принциптері мен әдістемелік әдістері қамтылған, коммуникативті тренингте, іскерлік қарым-қатынас тренингтерінде, белсенді тыңдау дағдыларын, сезімталдықты дамыту, топ құруда қолданылатын негізгі технологиялар қарастырылады. Ол адамға белгілі бір дағдылар мен дағдыларды сіңіруге және дамытуға арналған теориялық материалды да, практикалық бөлімді де қамтиды.	5									+					+	+	+
P30	Девиантология негіздері	Курс девиантологияның теориялық негіздері, негізгі ережелер, категориялар, типология, әдістер туралы білім жүйесі туралы білімді игеруге бағытталған. Курста кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын диагностикалау және алдын алу мәселелері, алдын алу және түзету шараларының әдістері мен әдістері қарастырылады.	4								+	+		+					+

20. Сертификаттау бағдарламасының «Білім берудегі менеджмент»

Модульдің атауы	Семестр, пәндер						
	1	2	3	4	5	6	7
Білім берудегі менеджмент (MINOR)						Коучинг негіздері/Заманауи білім беруді модернизациялау тұрғысынан практикалық бағдарланған технологиялар Білім беру жүйесінде корпоративтік басқару негіздері/Оқушыларға этномәдени білім беру Психологиялық менеджмент/Педагогикалық акмеология	

21. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ЖОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді;	интерактивті дәріс	тест
ЖОН 2	Қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады;	кейс-әдістер	коллоквиум
ЖОН 3	Өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.	жобалық оқыту	презентациялар
ЖОН 4	Қашықтықтан оқыту технологияларын зерттеу және енгізу, қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру, мектеп оқытуда АКТ, сандық, қашықтықтан оқыту және инновациялық технологияларды қолданады.	пікірталас	портфолио
ЖОН 5	Балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін жүйелі талдауға дағдыланған	инверттелген класс (Flipped Class)	эссе жазу
ЖОН 6	Заманауи педагогиканың жетістіктерін ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асырады	кейс-әдістер	портфолио
ЖОН 7	Педагог-психологтың қызметтік міндеттерін орындайды	жобалық оқыту	жобаны дайындау
ЖОН 8	Заманауи ғылымның нәтижелері мен жетістіктерін бағалайды және оларды балалардың жас ерекшелік психологиялық дамуларын есепке ала отырып қолданады, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істегенде білімдерін қолданады	интерактивті дәріс	тест
ЖОН 9	Кәсіби қарым-қатынас түрлеріне сәйкес педагог, ата-ана, білім алушылардың өзара әрекет әдістері мен формаларын қолданады	кейс-әдістер	эссе жазу
ЖОН 10	Практикалық қызметте бала-ата-ана қарым-қатынасын жүзеге асыру тәсілдерін меңгерген	дөңгелек үстел	презентациялар
ЖОН 11	Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жүргізу негізінде педагогика және психологияны оқытудың заманауи әдістемелерін өңдейді және енгізеді	интерактивті дәріс	портфолио
ЖОН 12	Мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда психологиялық кеңес беру және инновацияның заманауи технологияларын қолданады және бағалайды.	жобалық оқыту	жобаны дайындау
ЖОН 13	Білім берудегі менеджмент, оның ішінде ұжымдық менеджментте айқын мақсат түрлері мен әдістерін қолдану іскерліктеріне ие. Топта жұмыс істеуді жүргізу және ұйымдастыру іскерліктеріне ие	кейс-әдістер	презентациялар
ЖОН 14	Педагог-психологтың практикалық қызметінде тренингті өткізу технологиялары бойынша білімдерді қолдану іскерліктеріне ие	кейс-әдістер	портфолио
ЖОН 15	Психопрофилактика және психокоррекция бағыттарының нәтижелері негізінде психологиялық диагноз қою әдістемесін меңгерген	кейс-әдістер	портфолио

22. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Біледі: экономикалық, құқықтық, жаратылыстану пәндерінің қолданбалы аспектілерін
	Істей алады: қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарымен өзекті білімді байланыстыра алады
	Меңгерген: қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндер білімін өмірде қолдану дағдылары
ОН 2	Біледі: жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, зиянды және қауіпті факторлардың адамға және табиғи ортаға әсері туралы латын графикасының негізгі ұғымдары
	Істей алады: кәсіпкерлік қызметті адам құқықтарын сақтай отырып жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы экономикалық және әлеуметтік жағдайларды, қандай да бір қауіпті факторлардың адамға және табиғи ортаға әсерін талдау, хатта латын графикасын бейімдеу
	Меңгерген: қоршаған орта үшін қауіпсіз тіршілік әрекетін іске асыру, қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайларда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, хатта латын графикасын пайдалану дағдылары
ОН 3	Біледі: қазіргі заманғы қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизмі, өзара түсіністігі, толеранттылығы және демократиялық құндылықтары басымдықтарындағы азаматтық ұстанымның мазмұны
	Істей алады: өзінің демократиялық азаматтық ұстанымының бәсекеге қабілеттілік, толеранттылық, өзара түсіністік аспектілерін дамыту
	Меңгерген: бәсекеге қабілетті, прагматикалық, толерантты педагог ретінде өз ұстанымын іске асыру дағдылары
ОН 4	Біледі: балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері
	Істей алады: балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері туралы білімдерін жүйелеу
	Меңгерген: кәсіби қызметте есепке алу үшін балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін жүйелі талдау дағдылары
ОН 5	Біледі: білім беру үдерісінің мәні, педагогикалық ғылым мен практиканың заманауи жетістіктері
	Істей алады: білім беру ұйымдарында білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында педагогикалық ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктерінің әлеуеті
	Меңгерген: педагогика жетістіктері негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру дағдылары
ОН 6	Біледі: мектептегі білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың мазмұны мен ерекшеліктері
	Істей алады: мектептегі білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың мазмұны мен ерекшеліктері
	Меңгерген: мектептегі білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың мазмұны мен ерекшеліктері
ОН 7	Біледі: педагог-психологтың біліктілік талаптарының мазмұны және функционалдық міндеттері
	Істей алады: педагог-психологтың функционалдық міндеттерінің өзінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне сәйкестігін бағалау
	Меңгерген: педагог-психологтың функционалдық міндеттерін барлық бағыттар бойынша орындайды: психопрофилактика, психокоррекция және т. б.
ОН 8	Біледі: қазіргі заманғы ғылым мен практиканың жетістіктері, әртүрлі жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу қағидаттары
	Істей алады: балалардың жас ерекшелік психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін қазіргі заманғы ғылымның жетістіктері мен нәтижелерін бағалау
	Меңгерген: жұмыста ғылымның қазіргі заманғы жетістіктерін қолдану, балалардың жас ерекшеліктерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты есепке алу
ОН 9	Біледі: педагогикалық өзара әрекеттесудің формалары мен әдістері, Кәсіби қарым-қатынас түрлері
	Істей алады: кәсіби қарым-қатынас түрлерімен байланысты мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің тиімді формалары мен әдістерін таңдау
	Меңгерген: педагог пен оқушылардың тиімді өзара әрекеттесу, кәсіби қарым-қатынас дағдылары
ОН 10	Біледі: ата-ана мен бала қарым-қатынасының ерекшеліктері, түрлері мен стильдері
	Істей алады: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардағы проблемаларды олардың практикалық қызметі аясында көру
	Меңгерген: практикалық қызметте балалар мен ата-аналар қатынастарын жетілдіру әдістері
ОН 11	Біледі: Педагогика және психологияны оқыту әдістемесі, ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жүргізу алгоритмі
	Істей алады: жаңа технологияларды әзірлеу мақсатында педагогика мен психологияны оқытудың заманауи әдістерін зерттеу

	Меңгерген: педагогика мен психологияны оқытудың заманауи әдістемелерін әзірлеу және енгізу дағдылары
ОН 12	Біледі: психологиялық кеңес берудегі технологиялардың түрлері, мектепте оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық әдістерінің мазмұны
	Істей алады: психологиялық кеңес беруде және мектепте оқу процесін ұйымдастыруда заманауи технологияларды қолдану үшін жоспарланған тиімділікті бағалау
	Меңгерген: психологиялық кеңес беруде, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау шеңберінде мектепте оқу процесін ұйымдастыруда заманауи технологияларды қолдану дағдылары
ОН 13	Біледі: білім беру және корпоративтік менеджменттің мақсаттары, әдістері, топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесі
	Істей алады: білім беру және корпоративтік менеджменттің мақсаттарына сай түрлері мен әдістерін таңдау, топта тиімді жұмысты жоспарлау
	Меңгерген: білім беру және корпоративтік менеджмент әдістерін қолдану, топта жұмысты жүзеге асыру дағдылары
ОН 14	Біледі: психологиялық тренингтердің мәні, түрлері және мақсаты, психологиялық диагноз қою рәсімі, психопрофилактика және психокоррекция бағыттарының мазмұны
	Істей алады: психологиялық диагнозға сәйкес тренингтер, психопрофилактика және психокоррекция бағдарламасын жасау
	Меңгерген: психологиялық тренингтер өткізу, психологиялық диагноз қою, психопрофилактика және психокоррекция бағыттарына сәйкес педагог-психологтың жұмысы дағдылары
ОН 15	Біледі: мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің жұмыс бағыттары, жанжалды жағдайлардың мәні, түрлері және шешу жолдары
	Істей алады: мектепке дейінгі және орта білім деңгейлерінің ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық қызметтің жұмысын жоспарлау, кәсіби қызметте жанжал жағдайларының пайда болуын болжау
	Меңгерген: мектепке дейінгі және орта білім деңгейлерінің ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық қызметтің жұмысын жоспарлау, кәсіби қызметте жанжал жағдайларының пайда болуын болжау

23. Түлек моделі

Түлек атрибуттары:


- Психологиялық-педагогикалық қызмет саласында жоғары кәсіпқойлық
- Эмоционалды интеллект
- Жаһандық сұранысқа бейімделгіштік
- Көшбасшылық
- Жаһандық азаматтылық
- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді. Қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобаларын іске асыру үдерістеріндегі себептер мен салдарды ғылыми сипаттау және талдау тәсілдерін біледі.
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	Қашықтықтан оқыту технологияларын зерттеу және енгізу, қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру, мектеп оқытуда АКТ, сандық, қашықтықтан оқыту және инновациялық технологияларды қолданады.
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	Педагог-психологтың қызметтік міндеттерін орындайды. Заманауи ғылымның нәтижелері мен жетістіктерін бағалайды және оларды балалардың жас ерекшелік психологиялық дамуларын есепке ала отырып қолданады, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істегенде білімдерін қолданады. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жүргізу негізінде педагогика және психологияны оқытудың заманауи әдістемелерін өңдейді және енгізеді. Мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда психологиялық кеңес беру және инновацияның заманауи технологияларын қолданады және бағалайды. Білім берудегі менеджмент, оның ішінде ұжымдық менеджментте айқын мақсат түрлері мен әдістерін қолдану іскерліктеріне ие. Педагог-психологтың практикалық қызметінде тренингті өткізу технологиялары бойынша білімдерді қолдану іскерліктеріне ие. Психопрофилактика және психокоррекция бағыттарының нәтижелері негізінде психологиялық диагноз қою әдістемесін меңгерген. Орта және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде психологиялық қызмет жұмысын жүргізеді және ұйымдастырады, сонымен қатар қақтығыстық жағдайларды басқару және алдын-алу іскерліктеріне ие.


Құрастырушылар:

Жұмыс тобының мүшелері:


Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының меңгерушісі, п. ғ.к.

 С.Б.Мукушева

Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, п. ғ. д.

 Ж.А.Карманова

Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD


 А.Н.Санхаева

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 24.04.2023 протокол № 10

Білім беру бағдарламасы академиялық кеңестің отырысында қаралды 27.04.2023 протокол № 5

Білім беру бағдарламасы университет басқармасының отырысында қаралды және бекітілді 30.05.2023 протокол № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

 Т.З. Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

 С.А.Смаилова

Педагогика факультет деканы

 С.А.Муликова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
6B01101 – ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу..

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (факті бойынша)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
1	Қадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	1	-	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	19	9	10	11
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	5	-	2	3
2	Рейтингтерлегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	-	-	-	-
2.2	НААР	Позициясы	-	-	-	-
2.3	Атамекен	Позициясы	-	-	-	6
3	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.2	Оқу құралдары	Саны	-	1	-	-
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	-	1	-
3.4	Электронды оқулық	Саны	4	1	-	2
3.5	Видео/ аудиодәріс	Саны	4	3	2	2
4	Оқу және зертханалық базаны дамыту					
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	1	-	1	-
5	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	+	-	-	-
5.2	Оқытудың жаңа әдістерін еңгізу	Жыл	+	-	+	-

Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының меңгерушісі



С.Б.Мукушева